

## 9 «Ә»сыныбының тәрбие жоспарының жылдық есебі

2022жылы 1-қыркүйек күні Білім күніне арналған «Мектебім – мейірім мекені!» атты салтанатты жиын өткізілді. 6-қыркүйек күні Қазақстан халықтарының тілдер күніне орай «Тіл - татулық тірегі» 5-9 «Ә»сынып оқушылар арасында мәнерлеп оқу әдеби кеші болып өтті. *Мақтау қағаздарымен марапатталды.* 13-қыркүйек күні Абайдың «Толық адам» ілімін насихаттау жоба жұмысы жүргізілді.

Қазан айында қарттар мен ұрпақтар ынтымақтастығы күніне орай "Қарияға қол ұшын соз", "Ардагерлерді ардақтайық!" қайырымдылық акциясы, ұстаздар мерекесіне орай «Ұстазға алғыс» атты тәрбие сағаттары, мерекелік іс- шаралар, 25- қазан - Республика күні мерекесіне орай "Қазақстан-туған жерім, туған елім" сыныптан тыс іс-шаралар өткізілді.

Қараша айында Ата-аналарға психологиялық қызмет көрсету жұмысын жетілдіру мақсатында кеңес беру жұмыстары, ата-аналар жиналысы болып өтті. *Ітоқсан қорытындысы айтылды. Күзгі демалысқа шығуға тәртіп ережесімен таныстырылды.*

Оқу жылының желтоқсан айында «Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілігіміз» «Еңбек бәрін де жеңбек» сынып сағаттары өткізілді.

Қаңтар айында(2023ж) «Отбасындағы ортақ тіл» тақырыбында ата-аналар жиналысы болып өтті. «Ғаламтор мен әлеуметтік желілер: зияны немесе пайдасы» тәрбие сағатында оқушылар өз пікірлерімен бөлісті.

Ақпан айында «Өзіңді мамандықтар әлемінде тап» «Ар ұят және жауапкершілік» «Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.

Наурыз айында 1 наурыз – Алғыс айту күніне арналған «Ізгіліктің бір ізі -алғыс айту» -«Мейірімді сөздер» километрі алғыс айту шеруі; 8 наурыз – Халықаралық аналар күні -«Ана, бәрі бір өзіннен басталады» 22- наурыз –Ұлыстың ұлы мерекесіне орай - «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» іс-шараларға оқушылар белсене қатысты және өздерін жақсы жақтарымен көрсете білді.

Сәуір айында *Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл Шәәрімнің өлеңдерін жатқа айту байқауы өтті.* «Жалынды жастар көктемі» еріктілер ауылдағы жалғыз басты ата,әжелерге,мүгедек жандарға барып қол ұштарын беріп алғысқа бөленді. Мамыр айында 7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай «Ұранды ердің – ұрпағы қайсар», 9 мамыр – Жеңіс күні мерекесіне орай «Ұлы жеңіс жасасын!» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Сынып жетекшісі:  Энсенегенова А.О.